

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 20 қаңтарда № 12894 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 43-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Экономика және қаржы департаменті (Т. Нұрғожаева) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық (С. Өмірбаев), Кәсіптік-техникалық және орта білімнен кейінгі білімді жаңғырту (Д. Қаленова) департаменттерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Білім және ғылым министрі	А. Сәрінжіпов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі
_____ Т. Дүйсенова

2015 жылғы 21 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 22 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі
_____ А. Мұхамедидұлы

2015 жылғы 9 желтоқсан

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары

1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі - Қағида) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 13-тармағына сәйкес әзірленген және білім алушылардың жол жүруіне өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

білім алушылар - студенттер, магистранттар, даярлық бөлімдерінің тыңдаушылары;
жол жүру өтемақысы - мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жол жүру құнының бөлігін өтеу үшін берілетін ақшалай төлем;

өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар - республикалық бюджет есебінен жоғары білімді және республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді мамандар даярлауды іске асыратын білім беру ұйымдары.

3. Жол жүру өтемақысы республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен төленеді.

4. Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырысты орындайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жыл сайын республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу кезінде білім алушыларға жол жүру үшін ақшалай өтемақыларды төлеуге арналған қаражатқа қажеттілік есебін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

5. Жол жүру өтемақысы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың мынадай санаттарына:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарының күндізгі оқыту нысанында білім алушыларға жылына екі рет, қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде, тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітілетін 2 еселенген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінде;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарын бітірушілерге - жылына бір рет 2 еселенген АЕК мөлшерінде;

жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға жылына екі рет, қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде 4 еселенген АЕК мөлшерінде;

жоғары оқу орындарының даярлық бөлімдерінің тыңдаушыларына - жылына бір рет 4 еселенген АЕК мөлшерінде;

жоғары оқу орындарын бітірушілерге - жылына бір рет 4 еселенген АЕК мөлшерінде төленеді.

6. Білім алушыларға жол жүру өтемақыларын төлеуді өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар жыл сайын ақпан және маусым айларында қаражатты білім алушылардың карт-шотына аудару жолымен немесе қолма-қол төлемдермен жүргізеді.

7. Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес қаржы жылы аяқталғаннан кейін өтемақы төлеу жөніндегі ұйымдар белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жол жүру өтемақыларын төлеуге арналған бюджеттік қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ
РМҚ